

Магистранттың ғылыми және оқу- әдістемелік еңбектері тізімін дұрыс толтыру ережелері

1. Бірінші бағанада еңбектердің реттік номері көрсетіледі (№ п/п).
2. Екінші бағанада мақала, монография, оқу құралының аты және жанры көрсетіледі «(Монография)», «(Оқу-әдістемелік құрал)», «(Оқулық)», «(мақала)», «(тезис)», «(Патент)» көрсетіледі.
3. Үшінші бағанада жұмыс сипаты («Жұмыс сипаты») көрсетіледі, «Баспа», «Депон.» (депонденген жұмыстар), «Элек. тасымалдағыш».
4. Төртінші бағанада («Баспа, журнал (атауы, №, жыл), авторлық куәлік №») көрсетіледі:

- мақала үшін:

- а) мақала орналасқан журнал, жинақ атауы;
- б) басылым жанры (мақала жинағы, конференция материалы және т.б.);
- в) Домалақ жақшада конференцияның өту мерзімі көрсетіледі (егер мақала конференцияның материалдары бойынша алынса), одан соң қисық сызық арқылы (/) басылымды шығаратын мекеменің аты көрсетіледі;
- г) жалпы том, бөлім, шығарылым саны (егер бар болса);
- д) шығатын мәліметтер (қала, баспа, жыл);
- е) Мақала орналасқан том номері, шығарылым, бөлім (егер бар болса);
- ж) Мақала орналасқан бет номері, (сызықшадан кейін **Б.** беттерді көрсетпес бұрын);

* Библиографиялық баяндамаларды жазудың келісілген түрлері болса, мысалы, диссертацияларды безендіру және т.с.с., болса онда ҚР ЖАК талаптарына сай болу керек.

- монография, оқу құралы, оқулық және т.с.с.:

- а) том, шығарылым, бөлімдердің жалпы саны (егер бар болса);
- б) шығатын мәліметтер (қала, баспа, жыл);
- в) том, шығарылым, баяндалатын жұмыс бөлім номері (егер бар болса);
- г) баяндалған жұмыстағы жалпы беттер саны (беттердің санын көрсеткеннен кейін **б.**);

- патент үшін:

- а) куәлік номері;
- б) тіркеу күні.

5. Бесінші бағанада («Көлем») беттердің саны көрсетіледі.

6. Алтыншы бағанада («қосалқы автор фамилиясы») қосалқы авторлардың (лардың) фамилиясы мен инициалдары көрсетіледі. Егер қосалқы авторлар саны үшеуден көп болса, онда екі қосалқы автордың фамилиясы мен инициалдарын көрсетіп «және т.б.» деп жазу керек.

7. Қолжазба құқығында шығарылатын авторефераттар, магистр, кандидат және ғылым докторы ғылыми атағына ізденуші диссертациялары тізімде көрсетілмейді.

1984 жылы халықаралық информациялық- іздеу жүйесі пайда болғаннан бері басылымға шығатын (ГОСТ 7.1-84) библиографиялық туындыларды жазу ережесі пайда болды, ол сөзді сәл өзгертеді (1991ж.), бірақ сөздің мағынасы сол күйінде қалады.

Библиографиялық баяндау белгілі бір қатарда бірінен соң бірі келетін элементтерден тұрады.

Басылымға шығатын туынды келесі элементтерден тұрады:

1. Автордың фамилиясы мен инициалдары.
2. Кітаптың атауы.
3. Жанрын көрсететін мәлімет (қос нүктеден кейін), қисық сызықтан кейін редактордың фамилиясы.
4. Томдардың бөлімдердің саны (араб сандарымен), мінездеме (түзетулер, толықтырулар).
5. Мақала туралы мәлімет: шыққан жері қала, баспа атауы немесе шығаратын өндіріс орны (тырнақшасыз), шыққан жылы.
6. Сипатталған жұмыс томы, бөлімі, шығарылым нөмері (егер бар болса)
7. Көлемі туралы мәлімет (бет, парақ саны)

▼ 5 бөлімде басылымға шыққан жерін көрсеткеннен кейін қос нүкте қойылады, баспа атауынан кейін үтір қойылады (Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2002)

Баспа атауы болмаған жағдайда басылымға шыққан жылы басылымға шыққан жерінен кейін үтір қойып жазылады (Алматы, 2003.).

▼ 4, 5, 6, 7 бөлімдердің сипаттамасы өз араларында сызықша белгісімен бөлінеді (Жукеев Е.Т. Таңдаулы туынд.: 2 т. - М.: Көркем әдеб., 1990. - Т.1. - 235 б.).

▼ Элементтердің жазылуы бас әріптен басталады.

▼ Кітаптарды сипаттау элементтері кітаптың сыртынан емес бірінші беттен алынады, себебі кітаптың сыртында мәліметтер толық көрсетілмеген.

▼ Библиографиялық баяндамаларда кез келген элементінде қысқартулар орынсыз.

▼ Баспаға шыққан жылды көрсеткенде «жыл» сөзін («ж.») деп белгілеуге болады.

▼ Газет немесе журналда шыққан мақала туралы сипаттама бергенде баспа атауы тырнақшасыз жазылады, одан соң араб сандарымен шыққан жылы, том, шығарылым, номер (газет үшін - жұмыстың шыққан күні, айы) және мақала жарияланған беттер. Журнал/газетте мақаланың сипатталу элементтері өзара сызықша белгісімен бөлінеді (Әдебиет сұрақтары. - 1997. - №7. - Б. 47-59. немесе Казахстанская правда. - 1985. - 17 қаң. - Б. 3.).

Пайдаланылатын тыныс белгілер

Библиографиялық баяндамаларды шекаралау үшін оларды бөлетін белгілер жүйесі құрылған. Олардың пайдалануы пунктуация нормаларымен байланысты еместігін есте сақтаған жөн.

1	Нүкте	.
2	Үтір	,
3	Қос нүкте	:
4	Нүкте мен үтір	;
5	Сызықша	-
6	Қисық сызық	/
7	Тырнақша	" " немесе «»
8	Домалақ жақша	()

Қала атаулары мен сөздердің қысқартылған түрлері

1	Халықаралық	Халықарал.
2	Республикалық	Респуб.
3	Аумақтық	Аумақ.
4	Жооаралық	Жооара.
5	Теориялық	Теор.
6	Ғылыми	Ғылым.
7	Техникалық	Техн.
8	Әдістемелік	Әдіст.
9	Оқулық	Оқул.
10	Студенттік	Студ.
11	Конференция	Конф.
12	Мақалалар жиыны	Мақала.жинын.
13	Баяндамалар жиыны	баян.жинын.
14	Оқу құралы	Оқу құр.
15	Шығарылым	Шығар.
16	Бөлім	Бөл.
17	Том	Т.
18	Баспа	Баспа
19	Нұсқаулар	Нұск.
20	Ұсыныстар	Ұсын.
21	Москва	М.
22	Санкт-Петербург	СПб.
23	Мемлекеттік	Мемл.
24	Университет	ун-т
25	Басылым	Басыл.

Басылым беттерін санау әдісі

1. 16 (он алты) стандартты бет **бір басылым бетін құрайды.**
2. Стандартты бет 14 (он төртінші) шрифтпен "одинарный" интервалымен А4 (бет көлемі 210x297 мм) шетері 3x2,5x1,5x2,5 терілген текст.
3. Бір бет әрқайсысы 64 позициядан (әріп, тыныс белгілері, белгілеулер), 44-48 жолдан тұрады.

4. Өлеңмен жазылған мәтіннің бір баспа беті 700 жолдан тұрады.

5. Математикалық есептеулері, формулалары, графиктері, таблицалары бар бір баспа бет 300 кв.см графикалық материалдарды құрайды.

6. Жарияланған жинақтағы мақалалар, баяндамалар тезисін баспа беті көлемінде есептеу кезінде библиографиялық сипаттамада көрсетілген басылымның баспа бетімен жалпы көлемін ескеру қажет. Бұл көрсеткіш жинақ бетінің жалпы санына бөлініп, сол арқылы баспа бетімен санағандағы бір беттің көлемі есептеледі. Алынған бірлік мақаланың бет санына көбейтіліп, баспа бетіндегі көлемі алынады.

$$X \div Y \times N = Z, \text{ мұндағы}$$

X – жинақтың баспа бетіндегі жалпы көлемі;

Y – жинақтағы бет саны;

N – көлемі есепке алынатын мақаланың бет саны;

Z – баспа бетіндегі мақаланың көлемі.

(Тегі, аты, әкесі)
**Ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің
 ТІЗІМІ**

рет №	Аталуы	Жұмыс сипаты	Шығуы туралы мәлімет	Көлемі (б.т.)	Бірлескен авторлар
1	2	3	4	5	6
1.	Тиомочевина туындыларының биологиялық белсенділігін болжау (мақала)	баспа	ШЫҒЫСТЫҢ аймақтық хабаршысы, №3, Өскемен қ., 2014ж., б.42-58.	1,0	Ибраев М.К.
2.					
3.					

Автор

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә)

Тізімді растаймын:

_____ кафедра меңгерушісі

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә)

ШҚМУ Ғылыми хатшысы

_____ (қолы)

Есқалиев А.С.

« ___ » _____ 2016 ж.

Ескерту: әрбір бетке магистранттың, кафедра меңгерушісінің және ғылыми хатшының қолтаңбалары қойылып, кадрлар бөлімінің мөрмен расталады.